

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университетінің
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

«АӨУ – бірлік, ұлтжандылық, азаматтық алаңы»

«АӨУ- азаматтық белсенділік және қайырымды істер алаңы»

«АӨУ- креативті -шығармашылық алаңы»

«АӨУ - салауатты өмір салты алаңы»

Қызметтік қолданысқа арналған басылым

Ақтөбе, 2020 ж

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі Проректор

Н.М.Бердыбаев 

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры

Қ. Т. Сатыбалдина 

БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№1 хаттама, 28 тамыз 2020 жыл) ректормен бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің тәрбие жұмысының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР "Білім туралы" Заңы, ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, ҚР Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Заңы, ҚР Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Заңы, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы, Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар, ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің стратегиялық жоспарына сүйенеді.

1. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН САТЫЛАЙ ЖҢРГІЗУДІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақсаты: оқытушылар мен студенттердің бірлескен әрекеті негізінде болашақ маман, жауапкершілік пен азаматтық санасы жоғары ұлт жанашырларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- студенттерді қоғамдық өмірге белсенді қатысуға мүдделелеу;
- студенттердің жемқорлық пен сыбайластыққа деген жағымсыз көзқарасын қалыптастыру;
- белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру;
- оңтайлылық, бәсекеге түсу, жағымды рухани құндылықтар, шығармашылық белсенділік сияқты қасиеттерін дамыту;
- студентті өзін-өзі басқаруға қатыстыру арқылы ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту;
- ұлтаралық және әлеуметтік өзара байланыс тәжірибесін қалыптастыру;
- корпоративтік бірлестік рухын және Университеттің студенттер қауымына жататындығына мақтаныш сезімін қалыптастыру;
- университет студенттерінің рухани-адамгершілік, ақыл-ой, денсаулығы мен табыстылығы үшін жауапкершілік пен құзыреттілігін өз мойындарына алуына жағдай жасау;
- салауатты өмір салты туралы ғылыми түсініктер, рухани және денесін дамыту дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;

- студенттердің кәсіби қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, өмір бойы білім алу және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру.

Механизмдері:

Университеттегі тәрбие жұмысы келесі деңгейлерде іске асады: университет, факультет, кафедра, студенттік топ және тағы басқа университеттік бөлімдер.

Университет деңгейінде:

1. Университеттегі тәрбие жұмысын әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті басқарады;
2. Нақты бағыттардың қызметін реттеу үшін келесі бөлімдер құрылады:
 - кураторлар кеңесі;
 - студенттердің өзін-өзі басқару институты.
3. Аталған құрылымдар өз іс-әрекетін университетте бекітілген ережелер арқылы іске асырады.

Факультет деңгейінде:

Факультеттегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру және реттеп отыру үшін тағайындалады:

- Профессорлық-оқытушылық құрамнан тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары тағайындалады;

- Тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарлары факультет деканына, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментіне есеп береді. Кураторлар кеңесіне мүше болып енеді.

Кафедра деңгейінде:

Кафедрадағы тәрбие жұмысын ұйымдастырып және реттеп отыру үшін профессорлық-оқытушылық құрамнан тәрбие ісіне жауапты адам, студенттік топтардың кураторлары тағайындалады.

Студенттік оқу тобы деңгейінде:

Деканның ұсынуымен, проректордың бұйрығымен академиялық топпен аудиториядан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін кураторлар бекітіледі. Олардың жұмысы университетте бекітілген кураторлар туралы ережеге сай жүреді. Академиялық оқу тобының жиналысында топ старостасы мен топ белсенділері тағайындалады.

Студенттік өзін-өзі басқару институты тағайындалған тәртіп бойынша ережелері бекітілген келесі ұйымдар арқылы көрініс береді:

- студенттік парламент;
- студенттік қоғамдық ұйымдар;
- старостат;
- студенттік шығармашылық ұйымдары (*ғылыми, әдеби-көркем, спорттық, қызығушылықтары бойынша*).

Жастар бастамасын дамыту орталығы студенттердің қоғамдық бірлестіктерін, студенттік деканатты, студенттік кәсіподақ ұйымын, жатақханадағы студенттік кеңестерді үйлестіреді.

Университеттің студенттік жоғарғы кеңесі сабақтан тыс уақытта әртүрлі іс-шараларға белсене (*клубтар, қызығушылықтары бойынша үйірмелер*) қатысып, студенттік іс-шараларда ұйымдастырушы және бастамашы болады, тәрбие процесін жақсарту мақсатында студенттердің пікірлері мен олардың ұсыныстарын ескереді.

2. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

2.1. Азаматтық ұстаным және рухани-адамгершілік тәрбие

Қоғамдық-саяси сауаттылық, ұлтаралық мәдени қарым-қатынас, рухани-адамгершілік тәрбие білім беру қызметінің ажырамас бір бөлігі болып табылады және студенттердің рухани дамуына, мейірімділікке бейімделуіне, қайырымдылыққа және шыдымдылыққа бағытталған. Рухани-адамгершілік қасиетті дамыту тәрбие берудің маңызды стратегиялық міндеті ретінде волонтерлік қызмет ұйымы арқылы жүзеге асырылады. Студенттердің волонтерлік қозғалысқа және қайырымдылық қызметіне қатысуы олардың ынтымақтастық, бірлік, альтруизм сезімін қалыптастырады және жеке тұлғаның рухани-адамгершілік есеюін айқындай түседі. Жұмысты жүйелеу мақсатында «АӨУ – бірлік, ұлтжандылық, азаматтық белсенділік және қайырымды істер алаңы» бағдарламасын әзірлеу, енгізу жоспарланды.

Міндеттері:

- адамның міндеттерін және бостандығын, құқығын құрметтеу тәрбиесі;
- студенттердің азаматтық ұстанымын, құқықтық мәдениетін, саяси сана-сезімі мен сауаттылығын қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау, патриоттық және ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- университеттің дәстүрлерін нығайту және дамыту, оның рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- студенттік ортада сыбайлас жемқорлық және оның пайда болуы мен көріністеріне студенттердің жағымсыз көзқарасын қалыптастыру;
- студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту: ұтқырлық, бәсекеге қабілеттілік, жағымды рухани құндылықтар;
- қызметтің барлық салаларында студенттерді жауапкершілікке тәрбиелеу.

2.2. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру

Адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы қалыптастыру. Өнер және өмірдегі сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетінің қажеттілігін қалыптастырады.

Осы орайда, «АӨУ – креативті-шығармашылық алаңы» бағдарламасын әзірлеу жоспарланды.

Міндеттері:

- әдебиет, музыка, хореография, бейнелеу өнері, т.б шығармашылық үйірмелер ұйымдастыру;
- қатынас, киім-кешек, мінез-құлық эстетикасын қалыптастыру;
- студенттердің жалпы адами және ұлттық мәдени жетістіктеріне қатысуын белсендіруге бағытталған дағдыларын қалыптастыру
- студенттердің шығармашылық қызметін болашақ кәсіби қызметінің жалпы контекстімен өзара байланыста қалыптастыру;
- барлық студенттер контингентін барынша қамти отырып, олардың қызығушылығына сәйкес әртүрлі шығармашылық қызметке тарту.

2.3. Құқықтық тәрбие беру

Құқықтық тәрбие құқықтық білімді, құқықтық тәжірибені, құқықтық мәдениетті және қоғамның құқықтық мұраттарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бойынша мақсатты қызметті жеткізуге бағытталған. Құқықтық тәрбие беру жасөспірімнің жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке байланысты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады.

Міндеттері:

- ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге, елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына құрметпен қарау;

- Жастарды өз құқықтарын пайдаланып, азаматтық міндеттерін орындай отырып қоғамда өмір сүруге, заңдар мен ережелерді тәжірибеде белсенді қолдана білуге үйрету;

- Басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына құрметпен қарау;

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға тәрбиелеу;

- Жастардың азаматтық белсенділігін қалыптастыру, заң бұзушылыққа қарсы күресуге шақыру.

2.4 Дене шынықтыру және студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру

Болашақ кәсіби қызметіне қажетті жеке тұлғалық қасиеттерін, психологиялық тұрақтылықты, дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осы кезде «АӨУ – салауатты өмір салты алаңы» бағдарламасын әзірлеу жоспарланды.

Міндеттері:

- студенттерге салауатты өмір салтының принциптері мен дағдыларын меңгерту, оларды дене шынықтыру және спортпен үнемі айналысу қажеттілігіне сендіруге тәрбиелеу;

- студенттердің денсаулығын сақтау және нығайту, ағзаның дұрыс қалыптасуы мен жан-жақты дамуына ықпал ету;

- білім алушылардың барлық контингентін барынша қамтитын, студенттердің мүдделеріне сәйкес спорттық секциялар мен алаңдарды ұйымдастыру;

- спортты насихаттау, университеттің спорт саласындағы көшбасшыларын қолдау және олардың мәртебесін арттыру.

2.5. Экологиялық және еңбек тәрбиесі

Жеке адамның бойында табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыра отырып, адам-қоғам-табиғат арасындағы толық үйлесімділік рухында тәрбиелеуге

бағытталған. Студенттердің экологиялық білімнің белгілі жүйесін игеруі, табиғатты қорғауы, жер байлығын тиімді пайдалануы экологиялық мәдениетті жетілдіріп, дүние тану көзқарасын қалыптастырады, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін жетілдіреді. **Осы кезде «АӨУ - жасыл желек алаңы» бағдарламасын әзірлеу жоспарланды.**

Міндеттері:

- өмірде және нақты іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу;
- экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған ортаға деген тәрбиені арттыру;
- қоғам мен адам үшін табиғаттың құндылығы шексіз екенін ұғындыру;
- табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметтерге және кәсіби білім мен өнімді еңбекке тарту;
- табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты студенттерді жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу;
- табиғи ортада дұрыс жүріп-тұрудың нормаларын сақтау;
- экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға тәрбиелеу;
- еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге ықпал ету.

3. СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

Студенттік парламент (ары қарай СП) – бұл әкімшілікпен сындарлы өзара әрекет жасауда басқарудың барлық деңгейлерінде студенттік өмірді жүйелі ұйымдастыруға бағытталған университеттің студенттік басқармасының алқалық органы. Студенттердің университетті басқаруға қатысуы іскерліктері мен қабілеттерін қолдану саласын кеңейтеді, өзінің сүйікті ісін табуға мүмкіндік береді. СП жұмысының тиімділігін студенттік өзін-өзі басқару «мектебінен» өткен студенттер мен түлектердің мамандану критерийі сипаттайды.

Студенттік өзін-өзі басқаруын дамытудағы өзекті міндеттері:

- оқу процесін жетілдіру мақсатында студенттердің университетті басқаруға қатысуы;
- университетке деген патриоттық көзқарасты қалыптастыру;
- университеттің кадрлық резервтерін дайындауда көмек көрсету;
- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру, студенттерді университеттің қоғамдық өміріне араласу жүйесін енгізу;
- студенттік өзін-өзі басқару жүйесінде белсенді жұмыс істейтін студенттерге моральдық және материалдық мадақтау жүйесін дайындау.

4. ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. Осы Тұжырымдаманың басты ережесі – бұл жоғары оқу орнында болашақ маманды жоғары адамгершілік тұлға ретінде қалыптастырып және олардың әлеуметтік-кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жүйе құру. Тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін келесі алғы шарттар орындалуы қажет:

- мамандарды кәсіби даярлауда тәрбие аспектісінің басымдылығы;

- университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттерінің тәрбие жұмысын ұйымдастырып, өткізуінде өзара іс-әрекеті мен ынтымақтастығы;

- университеттің барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің іс-әрекеттерін үйлестіру;

- университеттің тәрбие жұмысына басқа жоғары оқу орындары оқытушыларының үздік педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- жастар саясаты саласында әлеуметтік серіктестікті дамыту.

2. Тұжырымдамада көрсетілген міндеттер жүйелі түрде оқу процесі, әр түрлі өндірістік-оқу тәжірибелері, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы, студенттік өзін-өзі басқару және басқа бағыттар бойынша оқудан тыс тәрбие жұмысы жүйесі арқылы жүзеге асырылуы қажет:

- **педагогикалық қолдау** – бұл профессорлық-оқытушылар құрамының студенттерді тәрбиелеуге атсалысуы, институт жұмысында студенттік бірлестіктер мен қауымдастық бағдарламалары мен жобаларын дайындауда куратордың әдістемелік жетекшілік етуі;

- **ақпараттық қолдау** – бұл студенттердің маңызды қоғамдық қызметін қолдайтын, сайттарды ұйымдастыратын, жастардың Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыс жасап, ғаламторға кең ауқымды кәлемде қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

- **ғылыми-әдістемелік қолдау** – университеттің тәрбие саясатын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін студенттер мен оқытушыларға арналған оқыту бағдарламаларын, ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтарын дайындап, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізу.

- **ұйымдастырушылық-басқаруды қолдау** – тәрбие жұмысының өзара іс-әрекетін тиімді арттыруға талаптану, үздіксіз білім алу, оңтайлы тәжірибе жұмысымен алмасу, кафедраларда, факультеттерде тәрбие жұмысын жоспарлау.

- **ұйымдастырушылық-басқаруды қолдау** - тәрбиелік қызмет үшін, сонымен қатар, гранттық қолдау жүйесін енгізу, студенттердің қоғамдық белсенділігін ынталандыру, әртүрлі әлеуметтік серіктестермен байланыс жасауға жағдай жасайды:

- **қаржылай қолдау** – тәрбие процесіне барлық қатысушыларды мадақтау мен ынталандыруда мемлекеттік тапсырманы орындауға бөлінген жәрдем ақшадан және университеттің басқа да қаражаттарынан икемді жүйені тиімді пайдалануды есепке ала отырып жүзеге асырылады.

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ТИІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Тәрбие жұмысы жүйесінің барлық буындарының тұрақтылығы және нақтылығы;

- Студенттердің факультеттік және университеттік іс-шараларға жаппай қатысуы: «Университеттің ең үздік тобы», «Университеттің үздік студенті», «Мисс Университет», «Ана тілі аруы», «Жұбановтар керуені», «AMovie AWARDS», Университеттік Бал сияқты көптеген іс-шараларға қатысу сапасы, жеткен жетістіктері;

- Студенттердің белсенділігі мен ынтасының тұрақтылығы, олардың аудиториядан тыс жаңа жұмыс формаларынан өздігінше іздеуге деген

күлшынысы, ғылыми және мәдени-бұқаралық шараларды өткізу сапасын көтеруге деген ұмтылысы;

- Студенттер арасында құқық бұзушылықтың болмауы.

6. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

1. Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры Ғылыми Кеңесте жылына бір рет есеп береді.

2. Тәрбие жұмысына жауап беретін бәлімдер Кураторлар кеңесінде жылына екі рет есеп беріп отырады.

3. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары Ғылыми Кеңесте қаралып, талданып, бекітіледі.

4. Оқу жылының басы мен аяғында «Бірінші курстықтардың проблемаларының мониторингі», «Тәрбие жұмысының жағдайы» атты әлеуметтік сауалнамалар жүргізіліп, олардың нәтижелерінің негізінде тәрбие жұмысының жоспарларына түзетулер енгізіледі.

7. ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Тұжырымдаманың жүйелігі мен бірізділігін жүзеге асыруды қамтамасыз ету:

- Позитивті студенттік ортада студенттердің іс-әрекетіндегі құқық бұзушылық, сондай-ақ, тәртіп бұзушылық санының азаюы;
- Студент жастардың әлеуметтік және құқықтық белсенділігін дамыту, студенттердің өзін-өзі басқаруы, қоғамдық жастар ұйымын құру, маңызды әлеуметтік мәселелерді шешетін және кәсіби дағдыны меңгеріп, олардың рөлін студенттік жастар өмірінде күшейту;
- Студенттердің білім алудағы, ғылымдағы, спорттағы, шығармашылықтағы, әлеуметтік қызметтегі нәтижелерінің тұрақты әрі оңтайлы динамикалық көрсеткіші;
- Олимпиадаларға, ғылыми және шығармашылық конкурстарға, спорттық сайыстарға, фестивальдерге, әлеуметтік жобаларға қатысушылар санының артуы;
- Волонтерлік қозғалысты қалыптастыру және олардың қоғамдағы мәртебесін арттыру;
- Студенттердің денсаулықтарын психикалық және дене тәрбиесі жағынан нығайту;
- Университет құрылымдарының білім беретін мекемелермен, мәдениет, өнер, БАҚ, қала және облыстардағы қоғамдық ұйымдармен өзара байланыстарын нығайту;
- Университет мәртебесін білім беретін және мәдени орталық ретінде нығайту;
- Түлектердің жоғарғы оқу орнынан кейінгі бейімделу жетістігі және кәсіби қызметінің тиімділігі.

Студенттермен жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесі университет түлектерінің өз қалауымен кәсіби қызметін меңгеруіне және оның жетістікке жетуі үшін қажетті қасиеттерге ие болуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

Университет тұлғі:

- Белсенді азаматтық ұстанымы бар, өмірлік іс-әрекеттің барлық саласында жоғары әлеуметтік белсенділік танытады, өнегелі тәлім-тәрбие, кәсіби тұрғыда жетілген, тіл табысуға бейімді, алғыр, жауапкершілікті сезінеді, көшбасшылық, бәсекеге қабілеттілік, мобильділік, ұлттық сана сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді.

- Өзінің жеке дүниетанымдық ұстанымы, адамгершілік қасиеті, гуманистік құндылығы, өздігінен шешім қабылдай білу және жетістікке жету жолындағы талаптылықты меңгерген тұлға.

- Кері ықпалдарға қарсы тұра біледі, командада жұмыс істей алады, өз бетімен бастама білдіріп, жаңашылдық танытады.

- Шығармашылыққа және бірлескен шығармашылыққа қабілетті.

- Мақсатына жету жолында талабы мен тапқырлығын көрсете отырып, жаңашылдықты ізденуге талаптанады.

- Адал және тәрбиелі, өз ортасындағылардың қызығушылықтары мен пікірлерін құрметтеп, оларға қайырымды бола біледі.

- ҚР Конституциясын және заңдарын, жалпы адами моральдық-этикалық нормаларды сақтайды.

Осылайша университет тұлғі әлеуметтік мәдениетке бейімделген тұлға болып саналады:

2. адам өмірінің жоғары құндылығын түсінетін, адамгершілік қасиеті бар;

3. қоршаған орта шынайылығын тануда рухани талап-тілегі дамыған, өнерді бағалайтын, өмірді түсінетін және өмірлік ұстанымы бар тұлға;

- шығармашылдығы интеллектуалды дамыған, жаңашыл білім алу қызметіне талаптанатын, жаңашылдықты сезіне білетін, белсенді өмірге және шығармашылыққа қабілетті, жаңашыл білімді меңгерген;

- прагматикалық, жаңа технологиялар мен іскерлікті, жаңа экономикалық және әлеуметтік мәдени жағдаятта кәсіби білімін жүзеге асыру үшін қажетті жоғары кәсіби ұтқырлықты меңгерген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Студенттерді тәрбиелеу университеттегі оқытушылар құрамының міндеті болып табылады. Болашақ маман иелеріне білім берумен қатар, жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде жоғары білім беру жүйесінің атқаратын рөлі зор. Оқытушылардың кәсіби қызметтері оқу процесімен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, студенттерді сабақтан тыс уақыттарда өз бетінше өмір сүре білуге дайындау мақсатында бірлесіп тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқаруды көздейді. Осылайша, тәрбие беретін орта – университеттегі барлық қызметкерлердің ат салысуымен студент жастарға ерекше ықпал ететін тәрбиенің айрықша элементтерін жүзеге асыра отырып қалыптастырады.

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі,
Стратегиялық даму және
цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбауова А.У.

Персоналды басқару және
құжат айналымы басқармасы
қызметінің бастығы



Есеналина Л.С.

Заңгер



Алиманова Л.Б.